

KASE АПТАЛЫҒЫ

20 қаңтар, 2025 – 24 қаңтар, 2025

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне ["Интергаз Орталық Азия"](#) АҚ облигацияларының төрт шығарылымы, "Скулбас" ЖШС [KZ2P00013113](#) (SCLBb1) және "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00013063](#) (MFRFb16) облигациялары енгізілді.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00010502](#) (KFUSb61), "Mogo Kazakhstan" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00007933](#) (MFMOb2) облигациялары, Азия даму банкінің [XS2571803019](#) (ASDBe13) және АҚШ Қаржы министрлігінің [US912797JR94](#) (US130_2501) халықаралық облигациялары алынып тасталды.
- KASE-де "GoldFinMarket" Ломбард" ЖШС [KZ2P00012875](#) (MFLGb7) облигацияларымен және Азия даму банкінің [XS2971950428](#) (ASDBe19) халықаралық "жасыл" облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де биржалық инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарына [фьючерстермен](#) сауда-саттық ашылды.
- KASE-де "Қазақстан Халық Банкі" АҚ [KZ2C00011468](#) (HSBKb21) облигацияларымен сауда-саттық тоқтатылды.
- "Сейф-Ломбард" ЖШС [KZ2P00012370](#) (MFSLb7) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне аударылды.
- KASE сауда-саттық жүйесі мен деректер базасында "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [KZ2C00011583](#) (BRKZb38) облигацияларының айналыс мерзімі туралы ақпарат өзгертілді.
- "First Heartland Jusan Invest" АҚ "Отбасы банк "тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ [KZ2C00011757](#) (JSBNb4) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесіне ие болды.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 30,9 млн MEYKAM [KZKD00001160](#) (MUM096_0012) және 21,8 млн MEYKAM [KZKD00001079](#) (MUM216_0002) орналастырды.
- Азия Даму Банкі KASE-де жазылым арқылы XS2971950428 (ASDBe19) екі жылдық "жасыл" халықаралық облигацияларды орналастыра отырып, 7,6 млрд теңге [тартты](#).
- "RG Brands Kazakhstan" ЖШС KASE-де өзінің 6,3 млн KZ2P00009970 (RGBRb2) облигацияларын 8,0 млрд теңге сомасына [кері сатып алды](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) ЖДҚ кері сатып алу бағдарламалары шеңберінде бағалы қағаздармен мәмілелер туралы [ақпарат берді](#).
- "Bass Gold "ЖШС" Тау-Кен Алтын" ЖШС-мен тауарды жеткізуге жаңа [келісім-шарт жасасты](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ мұнай тасымалдау көлемі 2024 жылы 44 млн 887 мың тоннаны [құрады](#).
- "Teniz Capital Investment Banking" АҚ 2024 жылдағы қызмет нәтижелері туралы [хабарлайды](#).



24.01.2025		Трендтер (%)	
KASE Индексі	5 725,55	-0,5	4,2
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
NVIDIA Corp.	145,90	7,1	3,5
Occidental Petroleum Corp.	145,90	7,1	3,5
Freedom Holding Corp.	138,21	4,7	8,0
АО "Қазақтелеком"	48 115,01	3,2	11,2
Advanced Micro Devices, Inc.	124,60	3,0	- 2,4
Ford Motor Company	10,22	2,2	0,9
АО "Банк ЦентрКредит"	2 738,98	1,9	28,0
АО "Народный Банк Казахстана"	269,00	1,3	10,4
Tesla, Inc.	428,90	1,2	- 5,7
АО Kaspi.kz	51 863,00	0,3	- 4,5
Intel Corporation	21,12	0,2	3,8
Pfizer Inc.	26,17	0,2	- 2,1
АО "KEGOC"	1 513,95	0,2	- 0,4
АО "Teniz Capital Investment Banking"	7 001,00	-	0,1
The Coca-Cola Company	63,23	- 0,1	- 1,8
PayPal Holdings Inc.	90,04	- 0,7	2,9
АО "ҚазТрансОйл"	830,81	- 1,1	1,7
АО "Национальная атомная компания "АТЭК"	19 950,99	- 1,6	0,6
Apple Inc.	226,26	- 1,8	- 12,0
АО "Кселл"	3 407,55	- 1,9	- 0,3
АО "Эйр Астана"	781,99	- 2,5	- 3,3
АО "Национальная компания "ҚазМұнай"	14 502,00	- 4,5	0,1
АО "ForteBank"	7,22	- 6,7	17,6

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген


KASE индексі өткен аптаны қызыл аймақта аяқтап, 5 725,55 тармақ деңгейіне дейін 0,5 %-ға төмендеді.

Қазақтелекомның жай акциялары үздік динамиканы көрсетті, олар бір акция үшін 3,2 %-ға 48 115,01 теңгеге дейін өсті. Сонымен қатар, телекоммуникация секторының тағы бір өкілі Кселл акциялары бір акция үшін 3 407,55 теңге деңгейіне дейін 1,9 %-ға төмендеді.

Әсу көшбасшыларының тізімінде екінші және үшінші орынды қаржы секторының өкілдері алады. ЦентрКредит Банкінің жай акциялары 1,9 % бағамен өз раллиін жалғастырды. Қазақстан Халық банкінің жай акциялары бір акция үшін 269 теңге белгісіне дейін 1,3 %-ға өсті. Қазақстан Халық Банкі кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде жалпы сомасы 1 021 844,62 АҚШ долларына 19,57 АҚШ доллары орташа өлшенген бағамен 52 209 дана көлемінде өзінің жаһандық депозитарлық қолхаттарын сатып алғаны туралы хабарлады.

Шикізат секторының өкілдері ең нашар динамиканы көрсетті. ҚазМұнайГаз акциялары бір акция үшін 14 502 теңгеге дейін төмендеп, 4,5 % жоғалтты, ал ҚазТрансОйл акциялары 1,1 %-ға 830,81 теңгеге дейін төмендеді. ҚазТрансОйл 2024 жылдағы өндірістік нәтижелер туралы хабарлады, оған сәйкес компанияның магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнай тасымалдау көлемі 44 млн 887 мың тоннаны құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 699 мың тоннаға артық. Бұл ретте компанияның шоғырландырылған мұнай айналымы 45 млрд 176 млн тонна-километрді құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 1 млрд 392 млн тонна-километрге жоғары. Қазатомөнеркәсіптің акциялары бір акция үшін 1,6 %-ға 19 950,99 теңгеге дейін төмендеді.


Эйр Астана акциялары бір акция үшін 781,99 теңге белгісіне дейін 2,5 %-ға төмендеді.






Ақша нарығында TONIA бір күндік репо тарту мөлшерлемесі 7 б.т.-қа өсті және аптаның қорытындысы бойынша жылдық 15,06 % құрады. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы АҚШ долларындағы кірістілігі 180 б.т.-қа жылдық 10,75 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қисық кірістілігі





Желтоқсан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 2,5 %-ға, АҚШ доллары үшін 525,10 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 262 млн АҚШ долларынан 254 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5,3 млрд АҚШ долларын құрады.

Желтоқсан айында республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан валютаны сату 900 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 17 % немесе күніне шамамен 43 млн АҚШ долларын құрады.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2025 жылғы қаңтарда Ұлттық Банк Ұлттық қордан 750 ден 850 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.


2024 жылдың соңында БЖЗҚ-дағы валюталық активтердің үлесі 40 %-дан сәл жоғары. Желтоқсан айында Ұлттық Банк зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алған жоқ. 2025 жылдың қаңтарында БЖЗҚ-дан валюта сатып алу жоспарланбайды.

Ішкі валюта нарығында шектеулі ұсыныс кезінде экономикалық агенттер тарапынан шетел валютасына сұраныстың артуы сақталды.

Тұрақсыздандыратын ауытқуларды болдырмау, теңгенің айырбас бағамының артық құбылмалылығын тегістеу мақсатында және шетел валютасын ұсынуды қамтамасыз ету мақсатында желтоқсан айында Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізді. Айдың қорытындысы бойынша валютаны сату көлемі 307,6 млн АҚШ долларын құрады.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	6 101,24	1,7	1,0	24,7	1,7
Dow Jones	44 424,25	2,2	2,6	16,8	2,1
PTC	1 151,93	0,0	33,3	2,9	
MMBБ	3 123,43	0,0	14,3	-1,1	
Hang Seng	20 066,19	2,5	-0,2	23,8	2,8
SS CSI 300	3 832,86	0,5	-3,8	14,7	0,7
Euro Stoxx 50	5 219,37	1,4	7,4	13,9	1,3
FTSEuroFirst	5 766,50	0,7	5,2	13,1	0,8
FTSE 100	8 502,35	0,0	4,5	12,9	-0,2
KASE	5 725,55	-0,5	4,2	31,9	

Шикізат нарығы

24.01.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	78,50	-2,8	6,7	-4,8
Мұнай (WTI)	74,66	-4,1	6,5	-3,5
Табиғи газ	4,03	2,0	2,1	56,6
Мыс	432,10	-1,1	6,7	11,7
Темір	807,00	0,4	2,6	-24,2
Алтын	2 770,58	2,5	5,9	37,1
Күміс	31,19	0,1	4,0	36,0
Астық	544,00	1,0	1,7	-11,1

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

		Валюта	Болжам	Алдыңғы
27.01	Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қаңтар)	CNY	50,1	50,1
27.01	Жаңа тұрғын үй сату (желт)	USD	669K	674K
29.01	Шикі мұнай қоры	USD		-1,017M
30.01	ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім	USD	4,50%	4,50%
30.01	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (қаңтар)	EUR	2,90%	3,15%
30.01	ЖІӨ (тоқ/тоқ) (4 тоқ)	USD	2,7%	3,1%
30.01	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны	USD	221K	223K
31.01	Жеке тұтыну шығыстарының базалық баға индексі (ж / ж) (желт)	USD		2,8%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	8,6%	01.01.25	8,4%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	45,8	01.01.25	44,2
Ақша базасы, млрд KZT	14 606,5	01.01.25	12 546,1
Ақша масса, млрд KZT	45 660,0	01.01.25	42 612,8

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 тұрақты	02.03.24	BBB-/A-3 тұрақты
	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
	BBB/тұрақты	17.05.24	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына көпілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.